

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1798

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы академиясына, оның өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.